

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «8D04114 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Кулбаева Айгерим Амангелдиевнаның «Тұрақты даму мақсаттары негізінде ақылды қаланы мемлекеттік реттеу жолдары (Түркістан қаласы мысалында)» атты диссертациялық жұмысына кеңесші, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Нахипбекова Сымбат Абдраимқызының

ПІКІРІ

Ақылды қала тұжырымдамасының өзектілігі адамзаттың тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Әлемдік урбанизация деңгейінің өсуі, климаттық өзгерістер және ресурстардың шектеулі болуы қалаларды тиімді басқару және экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізуді алдыңғы қатарға шығарады. Ақылды қалалар тұжырымдамасы осы мәселелерді шешуге бағытталған, себебі ол цифрлық технологиялар арқылы қалалық инфрақұрылымды оңтайландыруға және тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Түркістан қаласы – тарих пен заманауи дамудың тоғысқан орны. Бұл аймақтың ақылды қала ретінде дамуы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі секілді әлемдік мұралармен үйлесе отырып, елдің мәдени-тарихи және экономикалық тартымдылығын арттыруда ерекше рөл атқара алады. Сонымен қатар, «Цифрлық Қазақстан» және «Қазақстан-2050» стратегиялары аясында ақылды қала тұжырымдамасын енгізу мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, туризмді дамытуға және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Түркістанның ерекше мәртебе алуы оның аймақтық және халықаралық деңгейдегі маңызын арттыра отырып, қаланы цифрландыру қажеттілігін одан әрі күшейтеді. Ақылды қала стратегияларын енгізу Түркістанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған аймақтық модель ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Бұл тақырыптың зерттелуі қазіргі заманғы ғылыми және практикалық мәселелерді шешу үшін, оның ішінде цифрлық шешімдер мен мемлекеттік реттеу тетіктерін енгізу арқылы қалалардың тиімділігін арттыру мақсатында маңызды болып табылады. Тұрақты даму жағдайындағы ақылды қаланы мемлекеттік реттеудің әдістемелік және теориялық аспектілерін зерттеулерді қажет етеді.

Сондықтан Кулбаева Айгерим Амангелдиевна өзінің жұмысында ғылыми зерттеудің нысаны ретінде Түркістанда ақылды қаланы мемлекеттік реттеу болып табылады. Зерттеу пәні ретінде ақылды қала құру үрдісінде пайда болатын ұйымдастырушылық және экономикалық қатынастардың жиынтығы мен оның даму үдерістері қарастырылған.

Ақылды қалаларды мемлекеттік реттеу салыстырмалы түрде жаңа және зерттелмеген бағыт болып табылады, сондықтан бұл диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы ақылды қала туралы қазіргі білімді кеңейту және қаланы басқаруда цифрлық технологияны пайдаланудың әдістемелік негіздерін жетілдіру болып табылады.

Осыған байланысты Кулбаева Айгеримнің диссертациясында тұрақты даму мақсаттары негізінде ақылды қаланы мемлекеттік реттеуде ақылды қала аспектілері (ақылды адамдар, ақылды экономика, ақылды ұтқырлық, ақылды басқару, ақылды орта және ақылды өмір) анықталып, осы аспектілерді дамыту керектігі зерттеуге арқау етілген. Сондай-ақ ақылды қала бастамаларын бағалау үшін ақылды қала моделін құруды және ақылды қаланы іске асыру моделі енгізілді. Ақылды қаланы қабылдау моделін эмпирикалық тексеру үшін статистикалық және сауалнама әдістері қолданылды.

Диссертацияның «Ақылды қаланы зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері тұрақты даму кезеңінде» деп аталатын бірінші тарауында тұрақты даму контекстіндегі «Ақылды қала» тұжырымдамасының теориялық және әдістемелік аспектілері және ақылды қалаларды мемлекеттік реттеудегі шетелдік тәжірибелер зерттелген.

Ғылыми жұмыстың екінші тарауында Түркістан қаласында «Ақылды қала» құру жағдайы талданып, «Ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыруға факторлық талдау жүргізіліп, оның тиімділігі бағаланған.

Диссертацияның үшінші тарауында Түркістанда ақылды қаланы мемлекеттік реттеу бағыттарын жетілдіру жолдары анықталып болжам жасалып, Түркістанда ақылды қаланың мемлекеттік реттеу бағыттарына ұсыныстар келтірілген.

Диссертациялық жұмыста қойылған мақсаты мен міндеттері толық орындалған және тиісті талаптарға сәйкес әзірленген. Автор зерттеу міндеттерінің шешімін толық таба білген. Диссертацияның құрылымы қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Ұсынылып отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми мәселе өз шешімін тапқан. Автордың барлық қорытындылары ғылыми негізделген.



Диссертациялық зерттеу тұжырымдарының практикалық құндылығы мол, жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері аймақтық деңгейдегі мемлекеттік және жергілікті басқару органдары үшін тәжірибелік маңызға ие және ақылды қаланы мемлекеттік реттеуді қалыптастыру үшін пайдаланылуына болады.

Автор сәйкес ғылыми еңбектерді зерттей алуы, деректерге мұқият талдау жасап, модельдеп және модельдің нәтижелерін түсіндіре алуы арқылы өзін кемелденген зерттеуші ретінде көрсеткен.

Жалпы алғанда, Кулбаева Айгерим Амангелдиевнаның «Тұрақты даму мақсаттары негізінде ақылды қаланы мемлекеттік реттеу жолдары (Түркістан қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын докторлық (PhD) диссертацияларға қойылатын талаптарға сай орындалған деп, «8D04114 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,

**Халықаралық туризм және меймандостық
университеті, «Туризм» мектебінің директоры
философия докторы (PhD),
қауымдастырылған профессор**



Нахипбекова С.А.